



МӘДЕНИ МҰРА
ғылыми журнал

КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ
научный журнал

CULTURAL HERITAGE
science journal

ISSN: 2708-3365

№ 2 (97)

Нұр-Сұлтан
2022



Редакциялық алқа:

А. Мұхамедиұлы,	өнертану докторы, профессор (алқа төрағасы)
Асанканов А.А.,	тарих ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі (Қырғызстан)
Әбдуақап Қара,	тарих ғылымдарының докторы, профессор (Түркия)
Бороффка Н.,	археология докторы, профессор (Германия)
Бейсенов А.З.,	тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)
Ибадуллаева З.Ө.,	тарих ғылымдарының кандидаты, доцент (Қазақстан)
Ибраева А.Г.,	тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Ұлттық Жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі (Қазақстан)
Қасенәлі А.Е.,	PhD докторы (Қазақстан)
Купаева А.Қ.,	PhD докторы (Қазақстан)
Қартаева Т.Е.,	тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)
Малдыбаева Р.К.,	өнертану кандидаты (Қазақстан)
Мұқтар Ә.Қ.,	тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)
Нұразхан А.Ш.,	педагогика ғылымдарының кандидаты, ҚР Көркемөнер академиясының академигі (Қазақстан)
Оңғар А.,	тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)
Самашев З.С.,	тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)
Төлеубаев Ә.Т.,	тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)
Смағұлов О.С.,	ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы (Қазақстан)
Таймағамбетов Ж.Қ.,	ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)
Үмітқалиев Ұ.Ұ.,	тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)
Шамильоглу Ю.,	Висконсин университетінің профессоры (АҚШ)



МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ

Антропология

Исмагулов О., Исмагулова А. Казахский народ нового Казахстана – прямой наследник насельников с 50-вековой историей на древней предковой казахской земле 4

Археология

Абишева А.А. Балбалы в составе фонда Национального музея РК 12

Этнография

Жайлыбай Д.Ж. XIX-XX ғғ. қазақ халқының неке және отбасылық дәстүрлеріндегі материалдық емес мәдени мұраның көріністері 21
С.Дж. Атдаев. Тигры в историческом прошлом Туркменистана 32
Камунов С.Р. Б. Сарыбаевтың қазақ аспаптарын жаңғыртудағы еңбегі және ҚР Ұлттық музейіндегі коллекциясына берілген сипаттама 51

Филология

Карипбаев Ж. Абай Құнанбайұлы шығармашылығындағы неоклассикалық нәзира дәстүрі 60
Жалмырза А.А. Тіл үйренуде салт сөздерге жүгіну: мақал-мәтелдерді қолданудың кейбір аспектілері 76

Тарих / История

Ақтайлақ Б.Б. Ақмола жеріндегі қуғын-сүргін тарихынан 84

Бейнелеу өнері / Изобразительное искусство

Танымова Е.А. Творчество казахских художников актуального искусства в контексте мирового культурного наследия 92

Музей ісі / Музейное дело

Гиззатов С.М. Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі мен Қытай елі арасындағы мәдени байланыстар 101
Елеусізова Қ.Ж. Ақтөбе облысы өлкетану музейлерінің қазіргі этномәдениетке ықпалы .. 110
Сайлау А., Әубәкір Г. Сыр бойындағы батырлар мұрасы 121

Киелі география / Сакральная география

Кошман Т.В. Культурные объекты оседлой культуры как источник эпохи 129
Төлегенұлы Қ., Кукушкин А.И., Букешова Г. Теңіз-Қорғалжың өңірінің жер-су атаулары: XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы архив құжаттары негізінде 139

CONTENTS

Anthropology

Ismagulov O., Ismagulova A. The kazakh people of new Kazakhstan is a direct successor of the residents with a 50-century history on the ancient anethorial kazakh land 4

Archeology

Abisheva A.A. Balbals as part of the fund of the National museum of the Republic of Kazakhstan 12

Ethnography

Zhaylybay D.Zh. XIX-XX centuries manifestations of non-material cultural heritage in kazakh marriage and family traditions 21
S.J. Atdaev. Tigers in the historical past of Turkmenistan 32
Kamunov S.R. B.Sarybayev's contribution to the modernization of kazakh instruments and description of the collection in the National museum of the Republic of Kazakhstan 51

Philology

Karipbaev Zh. Neoclassical nazira tradition in the work of Abay Kunanbayuly 60

Zhalmyrza A.A. Using paremiology in language learning: some aspects of the use of proverbs 76

History

Aktailak B.B. From the history of repressive policy in Akmola 84

Art

Tanymova Y.A. Creativity of kazakh artists of contemporary art in the context of world cultural heritage 92

Museum business

Gizzatov S.M. Cultural relations between the National museum of the Republic of Kazakhstan and China . 101

Eleusizova K.Zh. Influence of local history museums of Aktobe region on modern ethnoculture 110

Sailau A., Aubakir G. Heritage of the heroes of Syrdarya 121

Sacred geography

Koshman T.V. Cult objects of settled culture as a source of the epoch 129

Tolegenuly K., Kukushkin A.I., Bukeshova G. Place-names of the Tengiz-Korgalzhyyn region: based on archival documents of the end of the 19th and the beginning of the 20th century 139

ОӘК 913.1/913.8

* Төлегенұлы Қ.¹, Кукушкин А.И.², Букешова Г.¹

¹«Бозоқ» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

²Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
Қарағанды қ., Қазақстан

* e-mail: tkazhymurat@mail.ru

ТЕҢІЗ-ҚОРҒАЛЖЫҢ ӨҢІРІНІҢ ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫ: ХІХ ҒАСЫРДЫҢ АЯҒЫ МЕН ХХ ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ АРХИВ ҚҰЖАТТАРЫ НЕГІЗІНДЕ

ХХ ғасырдың алғашқы ширегі қазақ халқы үшін ауыр да күрделі кезең еді. Әсіресе Кеңес үкіметінің құрылып, саяси идеологиялық қысым күшейіп тұрды. 1920 жылдардың ортасынан басталған ұжымдастыру саясаты көшпелі халықтарды отырықшыландырып қана қоймай жер атауларының өзгеруіне де үлесін қосты. Әсіресе Ақмола облысының қалаға жақын орналасқан, Ресейден келген қоныс аударушылар орналасқан аумақтарындағы жер-су атаулары ХХ ғасырға дейін-ақ орыс тіліне ауысқан болатын. Ал кеңестік саясат оны тіпті күрделендіріп, нәтижесінде: Комсомол, Осакаровка, Астраханка деген сияқты атаулармен алмастыруға себепші болды. Алайда, қазақтар басым орналасқан Қорғалжың өңірінде жер-су атаулары тек қазақша сақталып келді. Төмендегі мақалада Қорғалжың болысындағы жер атаулары туралы Нұр-Сұлтан қаласы архивінде сақталған құжаттар төте жазудан аударылып беріліп отыр.

Түйін сөздер: Теңіз-Қорғалжың, Бытығай, Ногай, Жібек жолы, қыстау, карта, жер-су атаулары.

Кіріспе

Қазақстан тарихын зерттеуде көне жер-су атаулары ерекше дереккөз болып табылады. Қазақ жер-су атаулары кезең-кезеңімен, белгілі себептерге байланысты ауысып немесе жаңарып отырған. Біздің ойымызша, жоңғар шапқыншылығына дейінгі атаулар мен одан кейінгі атаулардың үлкен айырмашылығы

бар. Мысалы: Балқаш көлі жоңғар шапқыншылығынан бұрынғы карталарда Көк теңіз, Теңіз-Қорғалжың көлі – Қамысты көл деп аталғанын байқауға болады. Ал патшалық Ресей кезіндегі қазақ жер атаулары күрделі өзгеріске ұшырады. Олар әсіресе ішкі Ресейден қоныс аударушылар орныққан шұрайлы жерлерде, қала және бекініс маңайларындағы жерлердің өзгеруіне әсер етті. Қазан төңкерісінен кейінгі

жер-су атауларының өзгеруі қазақ даласында тұтас жүрді.

Ертедегі көп атаулар ескі карталарда жақсы сақталғанын байқаймыз. Қазақ даласы туралы құнды мәліметтер беретін құжаттардың қатарына картографиялық мәліметтер жатады. Біздің зерттеуімізге негіз болып отырған жалпы Сарыарқа және Теңіз-Қорғалжың өңірі туралы Европалық және патшалық Ресей карталары, француз жазбалары болып табылады. Сонымен қатар, Нұр-Сұлтан қаласының архивінде XX ғасырдың басындағы Ақмола облысы мен Қорғалжың өңіріне қатысты құжаттар сақталған. Олардың қатарында «жер пайдалану бөлімінің» құжаттары, болыстар мен ауылдардың картасы бар. Сонымен қатар, Нұра және Есіл өзенінің арналарын бұру және оны пайдалануға қатысты архив материалдары және сызбалар сақталған. 1925-1930 жылдар арасындағы Ақмола облысында іс-қағаздар негізінен орыс тілінде кирилл жазуымен жүргізілген, дегенмен шалғай болыстарда ескі қазақ жазу қолданылып, жылдық есептер мен жоспарлар төте жазудан аударылып жіберіліп отырған. Осы себептен де болар, Қорғалжың және Сарыарқа болыстарының жер-су атаулары қазақ тілінде сақталып қалды. Архив материалдарын іздестіру барысында Ақмола облысына қарайтын болыстардың сызба картасы табылды. Олардың ішінде Қорғалжың болысының картасы зерттеуіміз үшін өте маңызды болып отыр.

Сарыарқадағы атауларға байланысты картографиялық мәліметтерге қысқаша шолу

Әлем үшін кейінгі орта ғасырларға дейін қазіргі Қазақстан аумағы жұмбақ болып келді. Аумалы-төкпелі кезеңде Қазақстанның далалық өңірінде кездесетін жер-су атаулары мен елді мекендері, онда қандай халықтар тұрғандығы туралы мәліметтер беру басқа елдердің саяхатшылары үшін өте күрделі және мүмкін емес еді. Сондықтан сол дәуірдің көп карталары бір-бірінен көшірілген немесе қайта сызылған болатын. Бұған әсіресе еуропалық карталарды жатқызуға болады. Осындай карталардың бірін Сицилия патшасы Рорджер II тапсырысымен араб географы Әбу Абдаллаһ Мұхаммед әл-Идриси 1154 жылы сызып бітіреді. Картографиялық еңбек «Нузхат әл-

муштак фи-хтирак әл-афак» деп аталады. Қазақстан аумағы туралы тың дерек беретін карта туралы біршама көп зерттелген, оның ішінде отандық және ресейлік ғалымдар: Б.А. Рыбаков (Рыбаков, 1952: 3), И. Крачковский (Крачковский, 2004. 919), Б. Көмеков (Көмеков, 1971. 194-198), т.б. кеңестік кезеңнен бері зерттеп келеді. Картада оғыздар, қимақтар, қыпшақтар, құмандар, қарлұқтар, азкиштер туралы құнды мәліметтер бар. Картада қазақ жері аумағы «Сурат әл-ардта» деп аталатыны туралы академик Б. Көмеков өзінің «Географический труд аль-Идриси-ценнейший источник по истории Казахстана» атты мақаласында айтып өтеді (Көмеков, 2016. 4-9). Неміс ғалымы Карл Миллер 1927 жылы картаны латынға аударып тұтас қалпына келтірді. Картаның К. Миллер қалпына келтірген нұсқасы АҚШ-тың «Library of Congress» кітапханасында сақтаулы және зерттеушілер үшін кеңейтілген форматта онлайн қол жетімді (Library of Congress <https://www.loc.gov/item/2007626789/>). Бұл картаның Ирактағы түпнұсқасының көшірмесін академик Б. Көмеков ҚР Ұлттық архивіне тапсырған. Картада қазақ даласында сол кездері мекендеген оғыз, қимақ, қарлұқтардың қала аттары, өзен-көл атаулары жақсы сақталған. Ол туралы академик А. Көмеков 1970 жылдардан бері зерттеп, жазып келеді. Дегенмен біздің бұл картаны еуропалық карталармен салыстыра зерттеулеріміз нәтижесінде сарыарқаның кіндігі Торғайға жақын жер атауы кездесіп отыр. Бұл Rennell James-тің 1742-1830 жж. жинақтаған картасын қарастыру барысында байқалды. Өль-Идрисидің картасында (латынша аудармасында да және арабшасында да) Торғайдағы бір жер атауы: «Lohman» деп кездессе, Rennell James-тің 1742-1830 жж. жинақтаған (меніңше черновой) картасында «Lokman» деп, Purdy John-тың картасында да (1773-1843) «Lokman» деп жазылып отыр. Қазақша Лұқман, Ұлықпан болуы мүмкін. Жалпы Лұқман атауы аңыздардағы мың жас жасайтын Лұқман Хакимге келеді. Дегенмен карта ары қарай зерттеуді талап етеді. Бұл картада Теңіз-Қорғалжың өңірі жайында картада бар дегенмен лингвист және картограф мамандардың көмегіне сүйеніп, онда кездесетін жер-су атауларын түпкілікті әрі нақты аударуға болады.

Еуропалық карталардың ішіндегі келесі ерекше карта, ол 1448-1459 жылдары Португалия патшасы Альфонсо V тапсырысымен сызылған

ФраМауроның картасы. Италияндық картограф Фра Мауроның әйгілі құпия картасындағы Сарай, Отырар, Сайрам, Маңғыстау, Шағатай ордасы, Еділ өзені, т.б. кездеседі. Картадағы Орта Азия туралы мәліметтерге белгілі ғалым С. Горшенина нәтижелі зерттеулер жасаған. Ғалым латын тілінен: «Balasian / Badascian (Бадахшан), Balch / Balc (Балх), Çagatai, Bochara / Bucara (Бухара), Samargan, Choach (Чач, Ташкент), Organça (Ургенч), Magchilta (Мангышлак), Gothan / Cotan (Хотан), Chaschar (Кашгар), Chataio / Catai (Катай), Termit (Термез), Sandar» сияқты қалалар атын анықтап, қазіргі Өзбекстан Республикасы мен Қазақстанның оңтүстік өңірлерінде орналасқан жер-су, қала атауларына байланысты құнды зерттеу жасаған (Горшенина, 2010. 170).

2022 жылдан бастап Халықаралық Картографтар ассоциациясы, италияндық Картографтар ассоциациясы мен Флоренция университеті, Флоренциядағы Тоскан аумағының әскери-географиялық институты бастамасымен Флоренциядағы «Museo Galileo» порталында Фра Мауро картасының зерттеуге арналған толық электронды нұсқасын жариялады (La Biblioteca Digitale del Museo Galileo II Museo Galileo all'International Cartographic Conference e il Mappamondo di Fra Mauro - Museo Galileo). Картада тек жер-су атаулары ғана кездеспейді, онда космографиялық белгілер, әртүрлі халықтарға байланысты аңыздар, сонымен қатар, теңіз сауда жолдарының бағыттары белгіленген. Сондықтан да сол дәуірдің өзінде өте құпия карталардың қатарына жатқызылған. Картада Жібек жолы бойында керуен өтуге арналып қазылған үңгірлер немесе тас жолдар (Тартария мен Қытай арасындағы сауда жолы үшін қазылған үңгірлер мен салынған жолдар), Қарасу (carasu), Қозысу (cozusu), Гоктенис (hactenis, көк теңіз Балқаш болуы мүмкін) сияқты өзен немесе көл атаулары, Әмір Темір салдырған мықты адамдардың пантеондары, «Александр Македонский болған жер» деген атпен белгілі аймақ (қазіргі Қызылорда өңірі болу керек), т.б. бар. Билеушілерге арналған үш үлкен пантеон көрсетілген. Олар: 1. Sepultura real; 2. Sepultura imperial; 3. Sepulture fate per Tamberlam. Оның біреуі туралы мәліметте: «Сарай ордасында 18 зират бар. Олардың көбін Әмір Темір салған. Ол жерде тек билеушілер/көсемдер ғана жерленген» делінген. Сонымен

қатар, «Амахоби» – яғни арба немесе күйме үйлерде тұратын адамдардың мекені туралы айтылады. Ең қызығы картада «венециандық диалектпен жазылған: «Nu flumen nu» (ағылшын тілінде: «River Nu») деп аталатын өзен кездеседі. Біздіңше бұл Нұра өзені болуы ықтимал. Картада кездесетін «Organça» атауы бұл Жошы Ұлысынан бөлінген Ордалық мемлекеттердің бірі болуы мүмкін немесе Жошы Ұлысы. Себебі бұл туралы мәтінде: «Органса бай және ауқатты мемлекет. Ескі Органса жайылымы кең, жақсы жерлерде орналасқан. Оған 12 ірі қала кіреді. Оның батыс шекарасы Кандич және Сарай, оңтүстігінде Каспий теңізі, солтүстігінде Ресей жерінде орналасқан Новгород, шығысында Персиямен шектеседі. Бірақ Әмір Темір бұл қалаларды талқандаған» (La Biblioteca Digitale del Museo Galileo <https://mostre.museogalileo.it>) деп атап өтеді. Бұл жерде Тоқтамыс Әмір Темірдің қолдауымен Жошы Ұлысына жасаған жорықтарын баяндап отырған болу керек.

Сібір жылнамаларындағы карталарға көз жүгіртсек, қазақтың далалық өңіріне байланысты және Теңіз-Қорғалжын ойпатына қатысты атаулар кездеседі. XVII-XVIII ғғ. С. Ремезов жинақтаған «Чертежная книга сибери» (Ремезов, 1701 (1882). 50) атты жинақта «озеро Кургалчи» немесе «Коргалчы» деп кездеседі, осымен қатарлас жинақталған XVII ғасырға жататын «Кунгурский летописе», «Кургалчи» атауы берілген (Краткая сибирская летопись (Кунгурская, 1880. 87). 1739 жылғы Номанн Erben-нің Ресей империясының картасында да «Chord Golchi» – яғни, «коргалчи» деп жазылған (Номанн, 1739). Бұл картаның бір ерекшелігі картада «коргалчи» дегенді көл ретінде емес жер атауы ретінде көрсетіп және оның жанында «Kamysch Nor» (біздің ойымызша Қамысты көл) деген көл бар екенін, оған Нұра өзені құятынын көрсетілген. Қамысты көл деп отырған қазіргі Теңіз көлі болуы мүмкін. Себебі Теңіз көлінің айналасында қамыс көп өседі. Ал «Коргалчи» дегеніміз қазақтың «қорғал» немесе «қорған» сөзінен туындаған «қорғалшы», «қорғаншы» сөздерін тудыруы мүмкін. Карта туралы алғашқы мағлұматтар қалмақтар Сарыарқаға енді келе бастағанда немесе одан бұрын жинақталған болса керек. Ақмола өңірін біршама жақсы зерттеген ғалым, профессор Ж. Артықбаев: «Теңіз бен Қорғалжын бір су айдыны болғаны

сөзсіз» – дей келе, «ал Қорғалжын көл емес қоп, яғни, балшықты сазы мен қамысы аралас жер» дегенді келтіреді (Артықбаев, 2021. 368).

1845 жылы құрылған Ресей Географиялық Қоғамының бастамасымен XIX ғасырдың аяғында топографиялық карталар сызыла бастады. Солардың бірінде Қорғалжын өңірі және Бытығай ескерткішінің аумағында басқа да зираттар мен қирандылар кездеседі. Картада Бытығайды «м. Богай» деп берген. Мұндағы «м» шартты белгісі «могила», яғни зират дегенді білдіреді. Қазірдің өзінде Бытығай ескерткішінің жанында көне зираттар көп орналасқан. Орыс тілінде жазылған «Богай» қазақша Боқай, Боғай немесе Ботагай/Ботағай болуы да мүмкін. Осының маңында радиусы шамамен 5-7 км орналасқан зираттар мен қорымдар: «м. Быртубай», «м. Кара мола», «м. Карачалдак», «м. Бла оглай» сияқты атаулар кездеседі. Картаны кеңейтілген көлемде Геопортал сайтынан зерттеуге болады. (Военно-топографическая карта Европейской России (М 1:126 000) <https://geoportal.rgo.ru>). Екінші бір картада «Древ.здан. Бытагай», Древнее «Здан. Сырлытам», «Древнее Здание Сулутам» деп аталатын орындар бар. Сонымен қатар Нұра өзенінің бойындағы көне мешіттің қирандылары кездеседі. Ремезов картасының шамамен XVII ғасырдың ортасы мен XVIII ғасырдың басында жинақталғанын ескерсек, картада көрсетілген мешіт жоңғар шапқыншылығы кезінен бұрынғы болуы әбден мүмкін. Нұра бойындағы мешіттің алғашқы қирандылары туралы У. Ремезов «Чертежная книга Сибири» атты жинағындағы картада көрсеткен болатын (Ремезов, 1701: 50).

1880 жылы басылып шыққан П.И. Рычковтың «Оренбургская губерния с принадлежащими к ней местами, по «Ландкартам» Красильникова и «Топографии» П.И. Рычкова 1755 года» атты картографиялық еңбек зерттеуіміз үшін маңызды. Онда Қазақстанның Батыс өңірі, Торғай даласы, қазіргі Ақмола облысының біраз бөлігіндегі жер-су атаулары картаға енген. Картада Қорғалжын көлі «os: Хордгалдъ», Бытығай ескерткіші «Розвалина Тотагай» (Тотагай қирандылары) деп берілген. Картадағы «Розвалина Тотагай» (қаз. *Бытығайдың қирандылары*) үлкен құрылыс орындарының болғанын білдіртіп отырғанын байқауға болады. Сонымен қатар Нұра өзені, Ақтау сияқты жер-су атаулары бар. Еңбекте карталар мен қоса

көне славян жазуымен жазылған сол кездегі Орынбор өлкесін мекендеген халықтар туралы қысқаша сипаттама берілген. Еңбектің 6-шы тарауы қазақ даласына арналған, «О киргиз-кайсаках или киргизах» (Қазақтар туралы) деп аталады. (Оренбургская губерния ..., 1880: 5).

XVII ғасырдың екінші жартысындағы қазақ жері туралы бай мағлұмат беретін Оңтүстік Сібір мен Ресей аумағын зерттеуші еуропалықтардың бірі голландиялық картограф, Ост Индия компаниясының басшысы болған Нисколаас Витсен (Witsen Nicolaes (1641-1717) еді. Ол 1664-1665 жылдары Ресейдегі Тобыл өңіріне келіп, Борис Годунов патша жинақтаған Ремезовтың карталарының көшірмелерімен танысады. Осының негізінде оның 1687 жылы Амстердамда «Nieuwe Lantkaarte Van het Noorder en Ooster deel van Asia en Europa Strekkende van Nova Zemla tot China» атты картасы басылып шықты (Nieuwe Lantkaarte Van het Noorder en Ooster deel van Asia en Europa Strekkende van Nova Zemla tot China, 1687). Бұл алғаш рет орыс жылнамаларын пайдалана отырып, басқа карталармен салыстырып шығарылған карта болатын. Картада «Lemits, sive Kamislof La cus» деген көлдің атауы кездеседі. Біздіңше бұл Қамысты көл қазіргі Теңіз-Қорғалжын көлі. Е. Номанн картасында «Kamysch Nor», яғни Қамысты көл деп кездеседі. Оған Нұра өзені құяды (Номанн, 1739). 1787 жылы шыққан француз картографы Тардьё Пьер Франсуаның картасында да «Rozaolina Totagai» деп кездеседі (Tardieu, 1787).

Ал, ағылшын географы Реннел Джеймстың (Rennell James) 1820 жылғы картасы сол кездегі еуропалықтар үшін тың мәліметтермен толыққан. Картада қолмен сызылған түзетулер мен толықтырулар көп. Мұнда кездесетін «Totagai ru» (Тотагай қирандылары) деп отырған біздің зерттеуімізге негіз болған Бытығай қаласының қирандылары. Сонымен қатар картада Торғай даласындағы жер-су, өзен-көл атаулары бар (Rennell, 1820).

Картографиялық зерттеулер біздің тақырыбымыз үшін мол мәліметтер берері сөзсіз. Дегенмен, еуропалық карталардың көбі Әл-Идрисидің кейіннен Фро Мауроның, одан кейін Сібір жылнамаларымен толығып отырған. Сондықтан карталар көбінде бір-біріне ұқсас болып келеді. Алдағы зерттеулерде қытай және манжу тілдеріндегі карталарды

салыстыра зерттеу маңызды болып табылады. Сонымен қатар, Эл-Идирисидің, ФраМауроның карталарындағы Қазақстанның далалық өңірі туралы жазбаларды лингвистикалық жағынан салыстыра зерттеу өзекті. Осыған орай, кейінгі кезде карта тарихын зерттеумен айналысып жүрген Н. Кенжеахметұлының еңбектері қазақ Сарыарқасын зерттеу үшін жаңа көмекші құрал болмақ (Kenzheakhmet, 2021).

Теңіз-Қорғалжың өңірі туралы XIX ғасырдың ортасындағы француз жазбалары

Қазақ жері туралы батыс ғалымдарының XIX ғасырдағы жазбалары аз емес. Дегенмен, Теңіз-Қорғалжың өңірі мен Бытығай ескерткіші туралы аз кездеседі. Іздеу барысында Францияда жарық көрген жинақтарда осы өңір туралы қысқа болса да мәліметтер табылып отыр. Француз зерттеушілерінің еңбектерінің көп бөлігі карта түрінде, жинақ түрінде, монография түрінде, анықтамалық түрінде де кездеседі. Олардың негізгі бөлігі Францияның Ұлттық кітапханасының архивінде сақтаулы. Кітапхананың электронды ресурстар базасы мен электронды каталогы зерттеушілер үшін өте қолайлы, әрі қолжетімді. Электронды базадан «kirghiz» деген атаумен кездесетін 3326 құжаттар онлайн қол жетімді, 372 құжат кітапханада қолжетімді (Bibliothèque nationale de France, <https://gallica.bnf.fr>). Құжаттардың негізгі түрлері: суреттер, карталар, газет-журналдар, анықтамалықтар, аудио құжаттар, кітаптар кездеседі. Электронды кітапханада қазақ жеріне саяхат жасаған француз этнографы Жозеф Ануан Кастаненің қоры бар (Bibliothèque nationale de France, Joseph-Antoine Castagné (1875-1958) (bnf.fr). Онда ғалымның қазірше бізге белгілі 1909-1930 жылдар арасында патшалық Ресейде және Францияда басылып шыққан қазақ тарихына тікелей қатысты 10-ға жуық ғылыми мақалалары мен кітаптары сақталған. Жалпы ғалым туралы соңғы әрі нақты ақпаратты Орта Азия тарихын зерттеп жүрген белгілі француздық ғалым S. Gorshenina-ның «Un précurseur de l'archéologie et de l'ethnologie françaises en Asie centrale: Joseph-Antoine Castagné (1875-1958)» атты мақаласынан танысуға болады (Gorshenina, 1997: 255-272). Біздің зерттеуімізге тікелей қатысты ғалымның «Древности Киргизской

степи и Оренбургского края (Antiquities of the kirghiz steppe and the orenburg region)» атауымен «Оренбургская ученая архивная комиссия» жинағының 2 – 35 шығарылымында жарияланған ғылыми жазбасы (Древности Киргизской ..., 1910: 110). Онда ғалым қазақ жерінде кездесетін ескі қалалар мен зираттар, қорымдар, көне кен орындары туралы қысқаша сипаттамалар жазып өтеді. Ақмола облысына арнайы тоқталып, ондағы: Бытығай, Жұбан ана, Болған ана, Мамай мола сияқты қалалар мен зираттар көне кен орындарына тоқталады.

Сонымен қатар, 1856 жылы Malte-Brun, Victor-Adolphe атты авторлардың бастамасымен Парижде басылып шыққан «Géographie complète et universelle» атты еңбектің 3-томында «Нұра өзенінің сол жағалауында «Totagaï» ou «Botagaï» атты қала болған, оның қирандыларының көлемі 2,5 француз лигасын (1 лига = 4,82803 км. осы еңбектің осы жылғы екінші басылымында 10 км деп айтылады) құрайды, екі ғибадатхана кездеседі. Қазақтар қоныстанған, аумақтың оң жағында әлі күнге дейін бірнеше қаланың қирандылары бар. Бұлар Шыңғыс хан өмір сүрген уақытқа сәйкес келетіндігі туралы болжам бар» дейді (Géographie complète et universelle, 1856: 52). Бұл жазбаның біздің зерттеуіміз үшін құндылық мәні өте зор. Себебі, Бытығайды қала ретінде нақты белгілеп көрсетіп отыр. Мұндағы «ғибадатхана» деп отырғаны сол аумақтардағы мешіттің қирандылары болуы мүмкін. Бытығай маңындағы басқа нысандардың қирандылары 2021 жылғы барлау жұмыстары барысында анықталған болатын. Зерттеушінің «Шыңғыс хан кезеңі» деп отырғаны, біздіңше Жошы Ұлысына сәйкес келетін сияқты. Сонымен қатар, 1891-1924 жылдар аралығында Парижде шығып тұрған «Nouvelles archives des missions scientifiques et littéraires: choix de rapports et instruction» атты жинақта: «le Kargaldjin ou tombe la Noura à la ruine (rozvalina) Totagaï» деп Бытығай ескерткішінің қирандылары Нұра өзеніне жақын жерде кездесетіні туралы аз ғана ақпарат беріп өтеді (Nouvelles archives ..., 1911: 324). Теңіз-Қорғалжың өңірі туралы батыс зерттеулері біз үшін өте маңызды. Еуропаның Швеция, Франция, Италия, Германия елдеріндегі ұлттық кітапханалар, архивтер мен музейлер базаларында қазақ тарихына қатысты құнды деректер мен материалдар өте көп кездеседі. Қазірше уақыттың тығыздығына

байланысты қолжетімді болып отырған француз зерттеушілерінің жазбаларын басқа еуропалық саяхатшылардың жазбаларымен салыстыра зерттеу маңызды болып табылады. Д. Кастаньенің XX ғасырдың басындағы қазақ этнографиясы мен тарихына байланысты орыс тіліне аударылмаған еңбектері, жеке қорындағы қолжазбаларын қарау маңызды болып табылады.

Теңіз-Қорғалжың өңірінің жер-су атаулары

Қорғалжың өңірінің жер-су атаулары кейінге дейін біршама таза күйінде сақталған. Оның ішінде өзен, көлдер, қыстау, тоғайлар, ауыл аттары бар. 1925 жылдардағы Қорғалжың болысының картасындағы жер-су, ауыл атаулары:

Көлдер: Жәнібек көлі, Саумал көл, Сарыкөл, Жайнақ/Жабақ көл, Сасық көл, Арықты көл;

1. Өзендер: Нұра, Өмірзақ өзені (Нұраның саласы), Бездек/Нездек өзені, Бірқоғалы өзені;

2. Жер аты: Серкебай, Бидайық, Алимге, Қазақ, Қоянды, Шолаққайың, Шүкей, Шоқай;

3. Тоғай (Урочище): Жауыр, Шерубай, Ши, Борнақ, Арқалық;

4. Ауыл: Бек ауылы, Әбдеш ауылы, Алабас ауылы, Жүнісбек ауылы, Қорғанбай ауылы, Бақрам ауылы, Көпбай ауылы, (Карты волостей, 19).

Сонымен қатар, 1925 жылдан бастап Ақмола облысындағы тұзды көлдерді сақтап қалу бойынша біраз жұмыстар жасалған болатын. Құжаттардың ішінен Ақмола

облысындағы тұзды көлдердің тізімі назар аудартады. Ақмола облысының аумағындағы тұзды көлдерінің тізімі деп аталатын 1927 жылы жасалған кестеде жиыны 62 тұзды көлдің атауы жазылады. Ақмола облысында Бытығай (Батығай) деп аталатын екі тұзды көл кездеседі. Оның бірі Нұра өзенінің сол жағында Ақмола қаласынан оңтүстікке қарай орналасса, екіншісі Бытығай (Батағай) деп аталатын тұзды көл Ақмола облысы мен Павлодар облыстарының шекарасындағы жазықта Есіл өзенінің жоғарғы жағымен Өлеңті өзенінің шығысында орналасқан. Біздіңше Нұра өзенінің сол жағына қарай орналасқан Бытығай көлі Қорғалжың маңындағы көлдер шоғырына кіреді.

Нұр-Сұлтан қаласы архивіндегі 244 қордың 261 ісімен таныстым. Ондағы «Отчеты, статсведения и доклады о работе Кургальджинского волостного исполкома» деп аталатын 1926-1927 жылдардағы құжаттар жинағында Ақмола уезі атқару комитетінің Қорғалжың болысы туралы шығыс есептері, статистика, баяндамалар мен қаулылар, бұйрықтар қамтылған. Құжаттардың түгелге жуығы ескі қазақ жазуымен жазылған. Баспа түрінде және қолжазба шимай түрінде кездеседі. (Отчеты, статсведения ..., 244-қор, 261-іс).

Жер-су атауларын зерттеуге және жаңарту үшін керек құжаттың бірі 1925-1926 жылдардағы сайлауға байланысты істер болып отыр. Себебі ондағы ауылдардың атауы толығымен қазақ тілінде және төте жазуда жазылған. Төменде кестеде ескі қазақ жазуынан аударылған Қорғалжың өңірінің жер атаулары берілген.

Ақмола губкомы аумағында орналасқан тұзды көлдердің тізімі

Атауы	Орналасқан жері
Батығай	В Акмол.уезде на границе с Павлодар у. На пространстве ограничение долин. Верх. Ишима и верх. Уленты с Востока
Батығай	На лев. берегу р. Нуры к югу от гор. Акмолинска
Джамбай	На лев. берегу р. Нуры к югу от гор. Акмолинска
Караданор	Там же
Карасор	На юго-западе от Акмолинска между долины
Джалпак сор	
Груп. Батаганских озер	На левом берегу р. Сарысу близ устья ее левого потока Атасу

(Протоколы и выписки ..., 27-29).

1925-1926 жылдардағы Қорғалжың болысына қарайтын ауылдардың кестесі

Рет саны	Ауыл орталығы	Ауыл аттары	Үй саны
1	Әбділде ауылы	1. Аққошқар	4
		2. Сайдалы	3
		3. Абылда	10
		4. Әлі	15
		5. Ши	9
		6. Жақсышат	20
		7. Тоғжан ауылы	10
2	Көксала	1. Көксала	30
	Жайнақ ауылы	1. Қуаныш ауылы	10
		2. Жаншағыр ауылы	4
		3. Жампейіс ауылы	13
		4. Ермекбай ауылы	10
		5. Жайнақ ауылы	20
3	Кенжеғара ауылы	1. Сұналіжаббарсыған	8
		2. Құсайын	12
		3. Құлеке/Колеге	10
		4. Тоқсары	15
		5. Сүлеймен	5
		6. Абылғазы	15
4	Аршаты	1. Сайдалы	10
		2. Абылда	15
		3. Әлі	10
5	Үшқағыл	1. Ши	10
		2. Жақсышат	25
6	Баршын	1. Тоғжан ауылы	8
		2. Жамбек	15
		3. Көнебек/Көпенбек	10
		4. Жаманкөң	10
7	Алакөл	1. Жаныс	15
		2. Топар	15
		3. Малай	8
		4. Қандыбай	14
8	Жаманкөң	1. Абдырақман	4
		2. Қалдыбай	11
		3. Жақай	15
9	Бидайық	1. Шыңғыс	30
		2. Көлбай	19
10	Олжабай ауылы	1. Ақмет	4
		2. Матынбек/Етінбек	9
		3. Олжабай	15
		4. Қалдаман	7

11	Қоржынгөл	1. Сасық	3
		2. Қарын/Қарым	10
		3. Қарамола	7
		4. Қоржынгөл	40
		5. Атан	
12	Қылыш ауылы	1. Мырзасары	10
		2. Қылыш	20
		3. Қасен/Қален	10
13	Ақарал	1. Теңізбай	7
		2. Есенбай	10
		3. Назарбек	8
		4. Қыздарбек	5
		5. Мақым	10
14	Саумалкөл	1. Қарасу	7
		2. Саумалкөл	15
		3. Осин	10
15	Ойдырлы	1. Саржал	10
		2. Байанбай	15
		3. Ойдырлы	20
16	Қамзе ауылы	1. Өтетілеу	10
		2. Қамза	10
		3. Садыр	10
		4. Асқар	10
17	Шоңайбай	1. Бабанбай/Баянбай	10
		2. Жақып	10
		3. Шоңайбай	15
18	Қарағаш	1. Бекей	4
		2. Жұматай	20
		3. Мәден	15
19	Мамай	1. Жалтыр/Жаныл	15
		2. Қосарал	8
		3. Мамай	25
		4. Құдайдың құлы	7
		5. Берік миалы	8
20	Омарбай ауылы	1. Ақметжан	27
		2. Қосмұрын	16
21	Бөгелекті	1. Бөгелекті	20
22	Жаманқопа	1. Қосқопа/Қашқопа	2
		2. Жаманқопа	30
		3. Рыспай	8
		4. Мақмат	4

23	Обалы	1. Жапалақ	8
		2. Көпқойма	6
		3. Обалы	35
24	Бекболат	1. Бекболат	15
		2. Басыкең	20
25	Жарсуат	1. Қарабидайық	5
		2. Жарсуат	50
		3. Тереңөзек	10
		4. Сарыбайтал	6
		5. Қошық	15
26	Саға	1. Тоқсамбай	12
		2. Түсіббек	13
		3. Ақай	10
		4. Мұқаметбай	12
		5. Байділде	11
27	Біртабан	1. Кәрітоғай	25
		2. Жаңатоғай	35
28	Қаражар	1. Қалмақты	7
		2. Қаражар	25
		3. Тоған	3
		4. Мандар	10
29	Бакей	1. Қалық	20
		2. Бакей	20
		3. Бейсебай	7
30	Құланөтпес	1. Атымтай	13
		2. Қожа	4
31	Қарашалғын	1. Қарашалғын	18
32	Ақтөбе	1. Түсіпберген	20
		2. Жаман қара	15
33	Инелікті	1. Айнабек	
		2. Жансары	
34	Аршаты	1. Ақтайлақ	15
		2. Сараба/Сароба	5
		3. Құнтықай	5
		қожа/Құттықай қожа	
		4. Аршаты	50
35	Шынты Қаныкей	1. Райыс	15
		2. Жұматай	10
		2. Ермұқан	5
		3. Шынты	10
36	Барақ	1. Барақ	30
37	Қуыс	1. Қуыс	20
		2. Бесгемақ	25
38	Қоскөл	1. Қоскөл	15
		2. Жарлыкөл	5

39	Жетеу	1. Тілен	10
		2. Жетеу	15
40	Үш сары	1. Сымағұл	25
		2. Бозша	5
41	Тоғанас	1. Тоғанас	50
		2. Жүсіп	10
42	Әбілда ауылы	1. Қонаққай/Қонжықай	5
		2. Сарыбай	10
		3. Әбілда	25
		4. Жоламан	5
43	Қараөткел	1. Өтеген	30
		2. Майғақ	20
44	Рабара ауылы	1. Қожақымет	10
		2. Қазиақбар	20
		3. Жорынбаш	10
45	Күйік	1. Иманберлі	5
		2. Емран/Омаралі	5
		3. Үсей	5
		4. Ыдырыс	10
		5. Абдырақ	15
		6. Тұрғымбай	10
46	Жұмалы		
47	Көбесор	1. Тілеулес	10
		2. Нұрмағамбет	15
		3. Алқапбек/	15
		4. Бейсен	10
		5. Көбесор	3
48	Қасқа тау	1. Асылтас	6
		2. Оспан	5
		3. Мұстапа	4
50	Абырайым	1. Балтамбай	10
		2. Болмасбек	15
		3. Қуандыққожа	10
51	Жантеке	1. Өтеген	15
		2. Сымайыл	9
		3. Орыс бен тегіс	25
52	Көктал	1. Көктал	35
53	Қорабай	1. Омар	20
		2. Турабек	10
54	Қоржын гөл	1. Садырбай	10
		2. Қоржынгөл	15
		3. Жусалы	15
		4. Сасық	25

55	Қаныкей	1. Абрақман	10
		2. Бекен	20
		3. Есетқан	32
		4. Рамазан	30
		5. Мақыш	15
56	Ұзынайық	1. Ақшал	5
		2. Сәбек	15
		3. Айынбай	20
57	Жұмай	1. Ақеділ	3
		2. Қопа	10
		3. Арқан	15
		4. Орыс	20
		5. Ақмет	18
		6. Дайрабай	8
58	Отенгор	1. Достай	10
		2. Ораз	5
		3. Қоскер	25
59	Мәкир ауылы	1. Жамболат	5
		2. Макир ауылы	10
60	Қамкөл	1. Жайнақ ауылы	9
		2. Ранбай	20
		3. Байтан	15
		4. Сарқын	15
60 ауылдық орталық		192 ауыл	

(Материалы о выборах ..., 30-34).

Кестеде кездесетін ауылдардың көбі ауылдағы беделді адам аттары байлар, ру басылары аттарымен тығыз байланысты. Мысалы, Қызылжарда шығып тұрған «Бостандық туы» газетінің 1925 жылғы 31 қазанындағы 82/381 санындағы Табылдыұлының «Сайлау алды байлар атқа міне бастады» атты мақаласында: «Қорғалжың болысының үшінші ауылындағы атасынан бері байлық үзілмеген Сүгірұлы Әділда бай бар. Осы күні 500 жылқы ұстайды» (Табылдыұлы, 1925: 3) деп атап өтеді. Кестеде кездесетін Сүгір ауылы, Әбілда ауылы осы байлардың ауылдары болуы мүмкін. Біздіңше кестеде тек көшпелі ауыл емес тұрақты қоныс немесе қыстаулардың атаулары да берілген. Патшалық Ресейдің қоныстандыру саясатынан кейін қазақ даласында көші-қон мәселесі біртіндеп тоқтай бастады. Нәтижесінде бұрындағы жайлау немесе қыстау орындары тұрақты жерлерге

айналды. Бұл процесс XX ғасырдың алғашқы жартысында басталған ұжымдастыру кезінде толық іске асты. Дегенмен арасында Мамай, Жәнібек, Тоғанас сияқты көне атаулар да кездеседі.

Қорытынды

Теңіз-Қорғалжың өңірі көнеден келе жатқан қасиетті мекен. Географиялық орналасуы ерекшелігін айтпағанның өзінде, шаруашылықтың кез келген түріне қолайлы, көшпелі қазақ халқы үшін қорғанысқа ыңғайлы болды. Екіншіден, Ұлы Жібек жолының сол тармағында орналасқан маңызды сауда-экономикалық дәліз болып отыр. XVIII-XIX ғасырдың өзінде осы аумақтар арқылы үш үлкен ірі керуен жолы үздіксіз қатынап, оңтүстік пен солтүстік қалаларының арасында

сауда байланысын жақсартты. Әсіресе, Мүзбел үстірті Теңіз көлінің батысын және Теңіз көлінің шығысы Қарқаралы арқылы кететін керуен жолдары Бетбақдала арқылы Созақ қаласы, одан ары Ташкент, Бұқар қалаларына апаратын керуен жолдарын байланыстырып отырды. Үшіншіден, Теңіз-Қорғалжың өңірі шаруашылықтың сан алуан түріне бай. Саяхатшылардың еңбектерінде кездесетіндей Нұра өзені бойындағы көне каналдар мен су арналары, тоғандар жергілікті жерде егін шаруашылығының жақсы дамығанын байқатады. Сонымен қатар балық шаруашылығын ерекше атауға болады. Майбалық, Шортанбай сияқты көлдердің атаулары балықтың белгілі бір түрлерінің атымен айтылуы бекер емес. Төртіншіден, Қорғалжың мен Теңіз көлі аумағы бір жағынан қыстауға да және жайлауға да өте қолайлы. Себебі, Қорғалжың көл емес қопа, яғни, қамыс көп өсетін балшықты-шалшықты аумақ. Қамыс – бір жағынан құрылыс үшін үй салуға, екіншіден қысқы малдың азығы. Көктем уақытында тасыған Нұра өзенінің алқабы жаз басында тарылып көкорай шалғынға айналып, мал жайылымы үшін керекті орынға айналады. Суы ішуге жарамды құдықтар немесе өзен суы кеңінен қолданылғанын байқаймыз. Бір жағынан шаруашылықтың барлық түріне қолайлы және ауыз суы бар және керуен жолында орналасқандықтан

Бытығай сияқты қалалардың, Сұлу там және Сырлы там сияқты архитектуралық ғимараттардың орналасқаны бекер емес болса керек. Бесіншіден, жырлардағы қазақ-ноғай заманын қазақ халқының құрылуының басты кезеңіне жатқызуға да болады. Ноғайлы халқы орта ғасырда маңғыт деп аталды. Бұл маңғыттардың көп бөлігі қазақ құрамына сіңіп, қазақ халқының негізін қалыптастырды. Бізге жеткен орыс саяхатшылары, француз деректерінде Бытығай немесе Ноғай қаласы туралы сөз болады. Мұның тегін айтылмағаны анық. Теңіз-Қорғалжың аумағы Қазақ хандығы мен Сібір хандығы арасында орналасқан саяси маңызды аймақ. Сондықтан бұл жерге талас ертеден болған деуге болады. Әбілқайыр хан мен маңғыттардың шайқасы, Көшім хан, Тәуекел хан, Абдулла хандардың аттары осы өңірмен байланысты аталады. Сонымен қатар, жырларда кездесетін Тоқтамыстың қызы Қаныкей мазары да осында орналасқан.

Өңірдің жер-су атаулары көнеден келе жатқан тарихтың айғағы. Оларға тереңірек талдау жасау лингвист ғалымдардың еншісінде екенін айтқымыз келеді. Сонымен қатар, зерттеу нақты болу үшін қосымша деректер пайдалануда маңызды болып табылады. Әсіресе картографиялық салыстырмалы талдаулар, орта ғасырлық деректер өңір тарихын зерттеуге жаңа көзқарастар әкеліп, тың серпін береді деп сенеміз.

Әдебиеттер

1. Артықбаев Ж.О. Есіл-Нұра – екі су. Ақмола облысы жер-су атауларының құпиясы. – Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2021. – 368 б.

2. Bibliothèque nationale de france URL:<https://gallica.bnf.fr/services/engine/search/sru?operation=searchRetrieve&version=1.2&query=%28gallica%20all%20%22kirghiz%22%29&lang=FR&suggest=0resultat-id-1>

3. Bibliothèque nationale de france, Joseph-Antoine Castagné (1875-1958) (bnf.fr) (қаралған күні: 13.07.2022).

4. Военно-топографическая карта Европейской России (М 1:126 000) Издание Омского В-топогр. Отдела. Печатано VI-1920 г. Сост., в 1911 г. URL: <https://geoportal.rgo.ru/catalog/topograficheskie-karty/voenno-topograficheskaya-karta-evropeyskoj-rossii-m-1126-000> (қаралған күні: 13.07.2022.)

5. Горшенина С. Картографический образ Средней Азии у Фра Мауро: синтез на перекрестке различных знаний//Civilizations and cultures of Central Asia in unity and diversity. Proceedings of the International Conference, 7–8 September, 2009. – Samarkand-Tashkent: IICAS, SMI-ASIA, 2010. – 170 с.

6. Древности Киргизской степи и Оренбургского края./сост. И. А. Кастанье - 1910 - [2], XVII. – 110 б.

7. Карты волостей. Карта по Кургалджинский области // НКА Ф. 244. Ис 1. Т. 220. – 19 б.



8. Көмеков Б.Е. Географический труд аль-Идриси-ценнейший источник по истории Казахстана // ҚазҰУ хабаршысы. Тарих сериясы. – 2016. – № 3 (82). – 4-9 бб.

9. Краткая сибирская летопись (Кунгурская) / (авт. предисл. кор. Археогр. комиссар А. Зост). – СПб.: типография Ф.Г.Елконского, 1880. – 87 с.

10. Крачковский. И.Ю. Арабская географическая литература. – М.: Издат. Фирма «Восточ. литература» РАН, 2004. – 919 с.

11. Кумеков Б.Е. Страна кимаков по карте ал-Идриси // Страны и народы Востока, т. X. 1971. 194-198 бб.

12. Материалы о выборах селские и ауылные советы кургалджинской волости (протоколы, доклады, списки избирателей) на казахском языке // НМА Ф.244.О.1.Іс 261. 30-34 бб.

13. Протоколы и выписки из протоколов заседаний Акмолинского исполнительного комитета. Список соленных озер Акмол. губернии. // ҚР НМА Ф.244. О.1. 27-29 бб.

14. Ремезов С.У. Чертежная книга Сибири. – СПб.: издательство Семена Ремезова, 1701 (1882). – 50 с.

15. Рыбаков. Б.А. Русские земли по карте Идриси 1154 году // Краткие сообщения о докладах и полевых исследованиях института истории материальной культуры XLIII. Изд. АН СССР ИИМК, 1952. – 3 б.

16. Табылдыұлы. Сайлау алды байлар атқа міне бастады //Бостандық туы газеті. 1925.31 қазан. № 82/381. – 3 б.

17. Оренбургская губерния с принадлежащими к ней местами, по «Ландкартам» Красильникова и «Топографии» П.И. Рычкова 1755 года (Карты) – (Репродукция). – Оренбург: Отд. рус. геогр. о-ва, 1880. – 1 атл. (28 л.): цв., раскраска от руки: карты, текст. – с. 5

18. Отчеты, статсведения и доклады о работе Кургалджинского волостного исполкома /на казахском языке // ҚР НМА Ф.244.О.1.Іс 261.

19. Géographie complète et universelle. Tome 3 / Malte-Brun. Morizot (Paris). 1856. - 52 б.

20. Gorshenina S. Un précurseur de l'archéologie et de l'ethnologie françaises en Asie centrale: Joseph-Antoine Castagné (1875-1958) //

Comptes rendus des séances de l'Académie des Inscriptions et Belles-Lettres Année 1997. 141-1. pp. 255-272.

21. La Biblioteca Digitale del Museo Galileo // Museo Galileo all'International Cartographic Conference e il Mappamondo di Fra Mauro URL: Il Museo Galileo all'International Cartographic Conference e il Mappamondo di Fra Mauro - Museo Galileo (қаралған күні: 13.07.2022).

22. La Biblioteca Digitale del Museo Galileo // Fra Mauros world map URL:https://mostre.museogalileo.it/framauro/en/interactive-exploration/geographic-space/cartouches.html) (қаралған күні: 13.07.2022).

23. Library of Congres // Weltkarte des Idrisi vom Jahr 1154 n. Ch., Charta Rogeriana URL: https://www.loc.gov/item/2007626789/ (қаралған күні: 13.07.2022).

24. Nieuwe Lantkaarte Van het Noorder en Ooster deel van Asia en Europa Strekkende van Nova Zemla tot China. Bibliothèque nationale de France, département Cartes et plans, GE AA-1337. – 1687.

25. Nouvelles archives des missions scientifiques et littéraires: choix de rapports et instructions / publié sous les auspices du Ministère de l'instruction publique et des beaux-arts. Fascicule 1. Ernest Leroux (Paris). 01 janvier 1911. – p. 324.

26. Nurlan Kenzheakhmet. Eurasian Historical Geography as Reflected in Geographical Literature and in Maps from the 15th to the Mid-17th Centuries. VIII, 380 Seiten 2021 | 1. Erstauflage Ostasien Verlag 978-3-940527-96-7 (ISBN).

27. Homann E. Imperii Russici et Tatariae universae. Tabula. (Карта Российской империи и Тартарии). 1739. (in latin).

28. Homann E. Imperii Russici et Tatariae Universae. Табула. (Карта Российской Империи и Тартарии) (Homann E. Imperii Russici et Tatariae Universae. Tabula. (Map of the Russian Empire and Tartaria). 1739.1 s. 53.8 × 47.3. Copper engraving. Original staining).

29. Rennell, James. A map of Southwestern Asia. 1:17 000 000. 1820. Bibliothèque nationale de France, département Cartes et plans, GE D-17226.

30. Tardieu, P.F. Carte générale de l'Empire de Russie / Gravé par P.F. Tardieu. Bibliothèque nationale de France, département Cartes et plans, GE C-11287 (1-2) 1787.

References

1. Artyqbaev J.O. Esil-Nura – eki sý. Aqmola oblysy jer-sý ataýlarynyń qurıasy. [Esil-Nura - two waters. The secret of place names of Akmola region] - Nur-Sultan: L.N. Gýmılev atyndaǵy Eýrazia ulttyq ýniversiteti, 2021. 368 s.
2. Bibliothèque nationale de france URL: <https://gallica.bnf.fr/services/engine/search/sru?operation=searchRetrieve&version=1.2&query=%28gallica%20all%20%22kirghiz%22%29&lang=FR&suggest=0resultat-id-1> (qaralǵan kúni: 13.07.2022)
3. Bibliothèque nationale de france, Joseph-Antoine Castagné (1875-1958) (bnf.fr) (qaralǵan kúni: 13.07.2022)
4. Voенно-topograficheskaja karta Evropejskoı Rossii (M 1:126 000) Izdanie Omskogo V-topogr. Otdela [Military topographic map of European Russia (M 1:126,000) Division] - Pечатано VI-1920 g. Sost., v 1911 g. URL: <https://geoportal.rgo.ru/catalog/topograficheskie-karty/voенно-topograficheskaja-karta-evropejskoj-rossii-m-1126-000> (qaralǵan kúni: 13.07.2022)
5. Gorshenina S. Kartograficheskı obraz srednei azii ý fra maýro: sintez na perekrestke razlıchnyh znanı [Cartographic image of Central Asia and Fra Mauro: synthesis of different knowledge of the intersection] // Civilizations and cultures of Central Asia in unity and diversity. Proceedings of the International Conference, 7–8 September, 2009. – Samarkand-Tashkent: IICAS, SMI-ASIA, 2010.-170 s
6. Drevnosti Kirgizskoi stepı i Orenbýrgskogo kraia. [The antiquity of the Kyrgyz steppe and the Orenburg region] / sost. I. A. Kastane - 1910 - [2], XVII, 110 s
7. Karty volostei. Karta po Kýrgaldjynskı oblasti [Vlost maps. Map of the Kurgaldzhyn region] // NQA F. 244. Ís 1. T. 220. 19 s
8. Kómekov B.E. Geograficheskı trýd al-Idrisi-senneishi istochnik po istorii Kazahstana [The geographical work of al-Idrisi is the most valuable source on the history of Kazakhstan] // QazUÝ habarshysy. Tarih seriesy. – 2016. – № 3 (82). – 4-9 ss
9. Kratkaja sibirskaja letopis (Kýngýrskaja) [Brief Siberian Chronicle (Kungur)] / [avt. predisl. kor. Arheogr. komisar A. Zost]. SPb.: tipografia F.G.Elkonskogo, 1880. 87 s
10. Krachkovskı. I.Íý. Arabskaja geograficheskaja literatýra [Arabic geographical literature] – M.: Izdat. Firma «Vostoch. literatýra» RAN, 2004. – 919 s
11. Kýmekov B.E. Strana kimakov po karte al-Idrisi [Kimak country according to the map of al-Idrisi] // Strany i narody Vostoka, t. H. 1971. 194-198 ss
12. Materialy o vyborah selskie i aýylnye sovety kýrgaldjynskoi volosti (protokoly, doklady, spiski izbiratelei) na kazahskom iazyke [Election materials for village and aul councils of the Kurgaldzhyn volost (protocols, reports, voter lists) in the Kazakh language] // NMA F.244.O.1.Ís 261. 30-34 ss
13. Protokoly i vypiski iz protokolov zasedani Akmolinskogo ispolnitelnogo komiteta. Spisok solennyh ozer Akmol gýberrni. [Minutes and extracts from the minutes of the meetings of the Akmola Executive Committee. List of salt lakes of Akmol province] // QR NMA F.244. O.1. 27-29 ss
14. Remezov S.Ý. Chertejnaja knıga Sibiri [Drawing book of Siberia] SPb.: izdatelstvo Semena Remezova, 1701 (1882). 50 s
15. Rybakov B.A. Rýskie zemli po karte Idrisi 1154 godý [Russian lands according to the map of Idrisi in 1154] // Kratkıe soobsheniya o dokladah i polevyh issledovaniyah institýta istorii materialnoi kúltýry XLIII. Izd. ANSSSR IIMK, 1952.3 s
16. Tabyldyuly. Sailaý aldy bailar atqa mine bastardy [Before the election, the rich started riding horses] // Bostandyq týy gazeti. 1925.31 qazan. № 82/381- 3 s
17. Orenbýrgskaja gýberrnia s prınadlejashımı k nei mestamı, po «Landkartam» Krasilnikova i «Topografii» P.I. Rychkova 1755 goda [The Orenburg province with the places belonging to it, according to Krasilnikov's «Landcards» and P.I. Rychkov 1755] [Karty] – [Reprodýksia]. – Orenbýrg: Otd. rýs. geogr. o-va, 1880. – 1 atl. ([28 l.]): sv., raskraska ot rýki: karty, tekst.- 5 s
18. Ochety, statsvedeniya i doklady o rabote Kýrgaldjynskogo volostnogo ispolkoma / na kazahskom iazyke [Reports, statistics and reports on the work of the Kurgaldzhinsky volost executive committee / in Kazakh] // QR NMA F.244.O.1.Ís 261
19. Géographie complète et universelle. Tome 3 / Malte-Brun. Morizot (Paris). 1856. - 52 6.
20. Gorshenina S. Un précurseur de l'archéologie et de l'ethnologie françaises en Asie centrale: Joseph-Antoine Castagné (1875-1958) //



Comptes rendus des séances de l'Académie des Inscriptions et Belles-Lettres Année 1997. 141-1. pp. 255-272

21. La Biblioteca Digitale del Museo Galileo // Museo Galileo all'International Cartographic Conference e il Mappamondo di Fra Mauro URL: Il Museo Galileo all'International Cartographic Conference e il Mappamondo di Fra Mauro - Museo Galileo (qaralğan kúni: 13.07.2022)

22. La Biblioteca Digitale del Museo Galileo // Fra Mauros world map URL: <https://mostre.museogalileo.it/framauro/en/interactive-exploration/geographic-space/cartouches.html> (qaralğan kúni: 13.07.2022)

23. Library of Congress // Weltkarte des Idrisi vom Jahr 1154 n. Ch., Charta Rogeriana URL: <https://www.loc.gov/item/2007626789/> (qaralğan kúni: 13.07.2022)

24. Nieuwe Lantkaarte Van het Noorder en Ooster deel van Asia en Europa Strekkende van Nova Zemla tot China. Bibliothèque nationale de France, département Cartes et plans, GE AA-1337. -1687

25. Nouvelles archives des missions scientifiques et littéraires: choix de rapports

et instructions / publié sous les auspices du Ministère de l'instruction publique et des beaux-arts. Fascicule 1. Ernest Leroux (Paris). 01 janvier 1911. – p. 324

26. Nurlan Kenzheakhmet. Eurasian Historical Geography as Reflected in Geographical Literature and in Maps from the 15th to the Mid-17th Centuries. VIII, 380 Seiten 2021 | 1. Erstauflage Ostasien Verlag 978-3-940527-96-7 (ISBN)

27. Homann E. Imperii Russici et Tatariae universae. Tabula. 1739. (in latin).

28. Homann E. Imperii Russici et Tatariae Universae. Табула. (Homann E. Imperii Russici et Tatariae Universae. Tabula. (Map of the Russian Empire and Tartaria). 1739.1 s. 53.8 × 47.3. Copper engraving. Original staining).

29. Rennell, James. A map of Southwestern Asia. 1:17 000 000. 1820. Bibliothèque nationale de France, département Cartes et plans, GE D-17226

30. Tardieu, P.F. Carte générale de l'Empire de Russie / Gravé par P.F. Tardieu. Bibliothèque nationale de France, département Cartes et plans, GE C-11287 (1-2) 1787.

***Толегенулы К.¹, Кукушкин А.И.², Букешова Г.¹**

¹Государственный историко-культурный музей-заповедник «Бозок»
г. Нур-Султан, Казахстан

²Карагандинский государственный университет имени Е.А. Букетова
г. Караганда, Казахстан

*e-mail: tkazhymurat@mail.ru

ТОПОНИМИКА ТЕНГИЗ-КОРГАЛЖЫНСКОГО РЕГИОНА: ПО АРХИВНЫМ ДОКУМЕНТАМ КОНЦА XIX НАЧАЛА XX ВЕКА

Первая четверть XX века была тяжелым периодом для казахского народа. Особенно с созданием советской власти усилилось политическое и идеологическое давление. «Политика коллективизации, начавшаяся в середине 1920-х годов, не только оседлала кочевые народы, но и способствовала изменению землепользования. Тем более названия мест на близлежащих к городу территориях Акмолинской области, где находятся переселенцы из России, были переведены еще до XX века. А советская политика еще больше усложнила его, и в результате это

послужило поводом заменить его такими названиями, как: Комсомол, Осакаровка, Астраханка. Однако в Коргалжынском районе, где преобладает казахское население, названия мест сохранились только на казахском языке. В следующей статье со стенографии переведены документы о названиях мест в Коргалжынском районе, хранящиеся в архивах города Нур-Султан.

Ключевые слова: Тенгиз-Коргалжын, Бытыгай, Ногай, Шелковый путь, кыстау, карта, топонимика.

***Tolegenuly K.¹, Kukushkin A.I.², Bukeshova G.¹**

¹«Bozok» state historical and cultural museum reserve
Nur-Sultan, Kazakhstan

²E.A. Buketov Karaganda State University
Karagandy, Kazakhstan

*e-mail: tkazhymurat@mail.ru

PLACE-NAMES OF THE TENGIZ-KORGALZHYN REGION: BASED ON ARCHIVAL DOCUMENTS OF THE END OF THE 19th AND THE BEGINNING OF THE 20th CENTURY

The first quarter of the 20th century was a difficult period for the Kazakh people. Especially with the establishment of the Soviet Union, political and ideological pressure was increasing. The policy of collectivization, which began in the mid - 1920s, changed not only lifestyle of nomadic peoples, but also contributed to the change of the place names. Especially the names of places and water bodies in the territories of the Akmola region close to the city, where the emigrants from Russia are located, were transferred to the Russian language even before the 20th century. And the

Soviet policy made it even more complicated, and as a result, it was the reason to replace it with such names as: Komsomol, Osakarovka, Astrakhanka. However, in the Korgalzhyn region, where Kazakhs predominate, the names of places and water have been preserved only in Kazakh. This article deals with the archival documents about the place names of the Korgalzhyn region, stored in the archives of Nur-Sultan city.

Keywords: *Tengiz-Korgaljin, Bytygai, Nogai, Silk Road, kystau, map, toponymy.*

Мақала «Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет комитеті «Бозоқ» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК «BR10164212 Теңіз-Қорғалжын ойпатының ортағасырлық тұрғын үй архитектурасының дәстүрлі түрлері: эволюцияның бастаулары мен ерекшеліктері» атты мемлекеттік жоба аясында» жазылды.